

«Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқауының қорытындысы

ҚР БЖҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқауын 2016 жылғы 12 ақпан – 29 сәуірде балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізді.

Байқаудың мақсаты – білім беру бағдарламаларын жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс атқаратын педагог жұмыскерлерді анықтауға жағдай жасау, балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту бойынша үздік педагогикалық идеяларды іздеу және тарату.

Байқауға барлығы **60 жұмыс**, оның ішінде 10 жұмыс қазақ тілінде, 8 жұмыс ауылдық жерлерден келіп түсті.

Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізілді:

1) «Балалар музыка мектептерінің және Балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» - 32 жұмыс;

2) «Балалар көркемөнер мектептерінің және Балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» - 15 жұмыс;

3) «Балалар өнер мектептерінің хореография, театр, дизайн, архитектура, кино өнері, фото өнері бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» - 13 жұмыс.

Педагогтердің ұсынылған жұмыстары келесі өлшемдер бойынша 10 баллдық жүйемен бағаланды: мазмұндылығы; байқаудың тақырыбына, мақсатына және номинациясына сәйкес болуы; өзектілігі және педагогикалық мақсаттылығы; құрылымы, тұтастығы; дербес және шығармашылық тәсілдер; инновациялылығы; жұмысты ресімдеу мәдениеті.

«Үздік білім беру бағдарламасы» тақырыбында республикалық интернет-байқаудың әділ қазыларының шешімі негізінде 15 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

«Балалар музыка мектептерінің және Балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» номинациясы бойынша:

I орын:

1. Файзулина Жанат Алимовна (Астана қаласы, «№ 1 Балалар музыка мектебі» МКҚК).

II орын:

2. Никитина Людмила Петровна (Астана қаласы, «№ 3 Балалар музыка мектебі» МКҚК);

3. Завгородняя Вера Владимировна (Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар ауылы, «Балалар өнер мектебі» МКҚК).

Ш орын:

4. Ким Татьяна Владимировна (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, «Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектептен тыс жұмыс және балалар шығармашылық орталығы» КММ);

5. Оралбаева Жанар Шерхановна (Астана қаласы, «№ 1 Балалар музыка мектебі» МКҚК);

6. Погосова Татьяна Владимировна (Батыс Қазақстан облысы, Зеленовский ауданы, Дариян ауылы, «Дария ауылы Зеленов аудандық білім беру бөлімінің балалар саз мектебі» МКҚМ).

«Балалар көркемөнер мектептерінің және Балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» номинациясы бойынша:

I орын:

7. Мурахтанова Дарья Юрьевна (Ақмола облысы, Степногорск қаласы, «Балалар көркемөнер мектебі» МКҚК).

II орын:

8. Акимова Ирина Борисовна (Ақмола облысы, Степногорск қаласы, «Балалар шығармашылық үйі» МКҚК).

9. Тихонова Евгения Борисовна (Ақмола облысы, Степногорск қаласы, «Балдырған» №2 балабақшасы» МКҚК).

III орын:

10. Кучухидзе Марина Вениаминовна (Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Көркемөнер лицейі);

11. Мусалиева Анастасия Нурлановна (Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, «Әлем» Балалар-жасөспірімдер орталығы» МКҚК);

12. Ловина Ольга Ивановна (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, «№2 балалар көркемөнер мектебі» МКҚК);

13. Борисовская Елена Юрьевна (Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, «Ақтоғай балалар өнер мектебі» МКҚК).

«Балалар көркемөнер мектептерінің және Балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің пәндері бойынша үздік білім беру бағдарламасы» номинациясы бойынша:

II орын:

14. Зеленкова Лариса Владимировна, Волянская Валентина Николаевна (Ақмола облысы, Степногорск қаласы, «Балалар шығармашылық үйі» МКҚК);

III орын:

15. Ложкина Инна Степановна (Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, «Әлем» Балалар-жасөспірімдер орталығы» МКҚК).